

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 14 наурыздағы № 53 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 71 - баптары, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Сауран аудандық жер комиссиясының мәжілісінің 2024 жылғы 18 қазандағы №31 хаттамасына, "Сауран ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту туралы" 2024 жылғы 15 қазандағы № 2789 санды бұйрығына сәйкес, Сауран ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Түркістан облысының құрылыс басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (БСН: 060240004644) Сауран ауданы аумағынан "Туған" арнайы экономикалық аймағын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету (газ желілері) үшін" жалпы алаңы 28,0 га (ұзындығы - 21 км, ені - 60 м) жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығымен қауымдық сервитут белгіленсін.

- 1) "Темір жол құрылысы үшін" ұзындығы 3,9 шқ;
- 2) "Электрмен қамту үшін" ұзындығы 9,5 шқ;
- 3) "Ауыз су жүйесі үшін" ұзындығы 11,2 шқ;
- 4) "Кәріз жүйесі үшін" ұзындығы 3,4 шқ;
- 5) "Газ желілері үшін" ұзындығы 25 шқ;
- 6) "Жол бөлігі үшін" ұзындығы 3,6 шқ.

2. "Сауран ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) Осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) Осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Сауран ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК